

## Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік көмек көрсету мәселелері бойынша кейбір шешімдерінің күшін жойды деп тану туралы

Астана қаласы мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы № 120/14-V шешімі

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 40-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:  
2012 жылғы 7 мамырдағы № 25/3-V «Жеңіс күніне Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылғы 16 мамырда № 725 болып тіркелген, 2012 жылғы 19 мамырдағы № 54 «Астана ақшамы», 2012 жылғы 19 мамырдағы № 59 «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған);  
2012 жылғы 6 маусымдағы № 29/4-V «Астана қаласы мәслихатының 2012 жылғы 7 мамырдағы № 25/3-V «Жеңіс күніне Астана қаласындағы мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына біржолғы әлеуметтік көмек көрсету ережесі туралы» шешіміне толықтыру енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2012 жылғы 15 маусымда № 727 болып тіркелген, 2012 жылғы 21 маусымдағы № 68 «Астана ақшамы», 2012 жылғы 21 маусымдағы № 73 «Вечерняя Астана» газеттерінде жарияланған).

2. Осы шешім қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Астана қаласы мәслихатының  
сессия төрағасы *Э.Суханбердиева*

Астана қаласы мәслихатының  
хатшысы *С.Есілов*